

## Астана қаласының 2014 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 362/52-в шешімі

Астана қаласының 2014 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарастырып, Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімімен бекітілген Астана қаласының бюджеті Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 231/32-V, 2014 жылғы 27 маусымдағы № 246/36-V, 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 288/41-V, 2014 жылғы 26 қарашадағы № 301/44-V шешімдерімен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, бекітілген тиісті көрсеткіштерден кіріс бойынша 101,5 пайызға (жоспар 364 236 485,4 мың теңге, 369 526 175,0 мың теңге түсті), шығындар бойынша - 99,3 пайызға (жоспар - 323 432 450,8 мың теңге, атқарылғаны 321 237 858,4 мың теңге) орындалғандығын атап көрсетті.

Таза бюджеттік кредит беру (-851 967,9 мың теңгені) құрады, оның ішінде бюджеттік кредиттерді өтеу 851 967,9 мың теңгені (100%) құрады.

Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо 47 444 334,6 мың теңгені құрады, оның ішінде қаржылық активтерді сатып алу 47 444 334,6 мың теңге сомасында жүзеге асырылды (100%).

Бюджеттің профицитті 1 695 949,9 мың теңгені құрады.

Профицитті пайдалану 1 695 949,9 мың теңгені құрады.

Қаржы жылы ішінде жергілікті атқарушы органның 6 059 312,4 мың теңге сомасында қарыздарды өтеу жүргізілді.

Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары 7 484 746,3 мың теңгені құрады.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының сессиясы 2014 жылы жергілікті бюджеттің негізгі параметрлерінің орындалуымен қатар бағдарламалық құжаттарды іске асыру, бюджет қаражаттары мен мемлекет активтерінің орындалуы кезінде кемшіліктердің орын алғандығын атап көрсетті.

Астана қаласының мәслихаты- **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласының 2014 жылғы бюджетінің кассалық атқарылуы туралы есеп кірістер бойынша 369 526 175,0 мың теңге, шығындар бойынша 321 237 858,4 мың теңге сомасында, таза бюджеттік кредит беру бойынша орындалуы (-851 967,9) мың теңге, қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоньң орындалуы 47 444 334,6 мың теңге, бюджет профицит бойынша 1 695 949,9 мың теңге, профициттің пайдаланылуы 1 695 949,9 мың теңге болып бекітілсін (қоса беріледі) (1-қосымша).

2. Астана қаласының 2014 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы Тексеру

комиссиясының есебі бекітілсін.

3. Астана қаласының әкімдігіне:

- бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің арасындағы жұмысты үйлестіруді жақсарту жөнінде шараларды қ а б ы л д а у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

- нәтижеге қол жеткізумен, бұл ретте бюджет заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ете отырып, бюджеттік бағдарламалардың сапалы және тиімді орындалуы бойынша қажетті шараларды қ а б ы л д а у ;

- анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының ұсынымдарын орындау жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а н с ы н .

5. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдері тізім бойынша осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы

сессиясының төрағасы

А.Ким

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

С.Есілов

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң  
2015 жылғы 22 мамырындағы  
№ 362/52-V "Астана қаласының  
2014 жылға арналған бюджетінің  
атқарылуы туралы есепті бекіту  
туралы" шешіміне қосымша 1

**Астана қаласының 2014 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы**

мың теңге

Бюджеттік бағдарламаның кодтары	Атауы	2014 жылға бекітілген бюджет (Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-У "Астана қаласының 2014- 2016 жылдарға арналған бюджеті	2014 жылға нақтыланған бюджет (2014 жылғы 26 қарашасындағы № 301/44-У Астана қаласы мәслихатыны шешімі)	2014 жылға түзетілген бюджет	Тіркелген міндеттемелер	Төленбеген міндеттемелер	Бюджет түсімдерін атқарылу және/неме бюджетті бағдарлам (кіші бағдарлам ) бойын төленген міндеттем
---------------------------------	-------	--	---	------------------------------	-------------------------	--------------------------	--

1	2	3	4	5	6	7	8
	I. КІРІСТЕР	331 156 640,0	368 586 698,0	364 236 485,4			369 526 17
	С А Л Ы Қ ТҮСІМДЕРІ	122 476 912,0	140 225 166,0	140 225 166,0			143 953 89
/	Салықтық түсімдер	122 476 912,0	140 225 166,0	140 225 166,0			143 953 89
01	Табыс салығы	54 530 190,0	65 317 847,0	65 317 847,0			67 394 026
	2 Жеке табыс салығы	54 530 190,0	65 317 847,0	65 317 847,0			67 394 026
03	Әлеуметтік салық	45 119 864,0	50 773 925,0	50 773 925,0			52 061 297
	1 Әлеуметтік салық	45 119 864,0	50 773 925,0	50 773 925,0			52 061 297
04	Меншікке салынатын салықтар	17 064 469,0	17 753 749,0	17 753 749,0			18 317 352
	1 Мүлікке салынатын салықтар	12416219,0	12 746 546,0	12 746 546,0			13 301 823
	3 Жер салығы	1 227 829,0	1 264 161,0	1 264 161,0			1 287 700,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	3 420 421,0	3 743 042,0	3 743 042,0			3 727 745,0
	5 Бірыңғай жер салығы	0,0	0,0	0,0			83,8
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 939 077,0	4 538 550,0	4 538 550,0			4 651 361,0
	2 Акциздер	198 279,0	201 926,0	201 926,0			213 488,3
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 266 326,0	2 703 984,0	2 703 984,0			2 703 328,0
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 147 482,0	1 337 426,0	1 337 426,0			1 438 220,0
	5 Ойын бизнесіне салық	326 990,0	295 214,0	295 214,0			296 323,7
07	Басқа да салықтар	0,0	223,0	223,0			225,8
	1 Басқа да салықтар	0,0	223,0	223,0			225,8
	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (						

08		немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 823 312,0	1 840 872,0	1 840 872,0		1 529 634,2
	1	Мемлекеттік баж	1 823 312,0	1 840 872,0	1 840 872,0		1 529 634,2
		САЛЫҚТАН ТЫС ТҮСІМДЕР	593 254,0	5 648 462,0	5 648 462,0		7 248 732,2
2		Салықтық емес түсімдер	593 254,0	5 648 462,0	5 648 462,0		7 248 732,2
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін	298 545,0	523 816,0	523 816,0		664 187,2
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	64 716,0	134 986,0	134 986,0		147 471,5
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	50 648,0	20 396,0	20 396,0		14 925,6
	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	0,0	0,0	0,0		369,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	162 061,0	347 314,0	347 314,0		479 523,3
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	0,0	0,0	0,0		777,8
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	21 120,0	21 120,0	21 120,0		21 120,0
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды жұмыстарды,	0,0	0,0	0,0		2 570,1

			қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер					
	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	( 0,0	0,0	0,0		2 570,1

Астана қаласы мәслихатының  
2015 жылғы 22 мамырындағы  
№ 362/52-У шешіміне  
№ 2 қосымша

### **Астана қаласы мәслихатының күшін жойған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28- V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 6 қаңтарда № 799 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 2 «Астана ақшамы», 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 2 газеттерінде жарияланған).

2. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 231/32-V «Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 807 болып тіркелген, 2014 жылғы 6 мамырдағы № 48 «Астана ақшамы», 2014 жылғы 6 мамырдағы № 49 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 246/3 6-V «Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 18 шілдеде № 821 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 шілдедегі № 80 «Астана ақшамы», 2014 жылғы 22 шілдедегі № 79 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

4. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 288/41-V «Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»

шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 14 қазанда № 843 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 қазандағы № 117 «Астана ақшамы», 2014 жылғы 16 қазандағы № 116 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

5. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 26 қарашадағы № 301/44-V «Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 194/28-V «Астана қаласының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 867 болып тіркелген, 2014 жылғы 27 желтоқсандағы № 147 «Астана ақшамы», 2014 жылғы 27 желтоқсандағы № 146 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

6. Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 345/48-V «Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 903 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 мамырдағы № 47 «Астана ақшамы», 2015 жылғы 5 мамырдағы № 47 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).